

Киім мінез құлық айнасы.



Дайындаған: Э-14-1 тобы.

Киім – адамның денесіне киюге арналған бұйым, жасанды жамылғы түрлері. Киім адамды қоршаған ортаның, табиғаттың түрлі әсерлерінен қорғайды. Оның тұтыну мәнімен бірге ғұрыптық және белгілі бір мақсатқа қызмет ететін маңызы бар. Киім тігуге мал, аң терілері, өсімдік, ағаш, балық, құс өнімдері, жасанды материалдар пайдаланған. Киім тігісті және тігіссіз болып бөлінеді. Адамзат палеолит дәуірінде тігіссіз, байланатын лыпа Киімдерді пайдаланса, неолит кезеңінде, яғни өсімдіктерді өру, иіру, тоқу кәсібін игергеннен кейін – иықтан, мықыннан киілетін Киім түрлері пайда болды. Тігіссіз Киім адам денесіне оралады, байланады. Мысалы, үнділіктер сари, шалма, шәлі; кавказдықтар бурка; римдіктер тога; ежелгі гректер гиматий; солтүстік халықтары теріден жасалған тұлып; тайгалықтар тері желбегей; қиыр шығыстықтар теңіз жәндіктерінен Киім дайындады. Аяқкиім түрлі ағаш, тері, көннен жасалады. Кеуделік Киім пішілуіне қарай тұйық (орыс косовороткасы, эскимос анорині), алды ашық желбегей (камзол, шапан) болып келеді. Киім белгілі дәрежеде адамдардың жас айырмашылығын, әлеуметтік ерекшеліктері мен этнографиялық ортасын танытады. Көшпелілер адамзат тарихында атқа отыруға қолайлы болу үшін ойлап тапқан кең шалбар мен екі өңірі алдынан ашылатын қаусырылатын кеуде Киім – шапанды адамзат өркениетіне қосты.

Әлеуметтік дәрежесіне қарай қазақ халқы арасында би, бақсы, бай, сал-сері (жарғақ, шалбар, мауыты, шәйі көйлек), қойшы (шекпен, кебенек, сырттық, күләпара), балуан, батыр Киімдері болған. Жас ерекшелігіне қарай бала Киімі, бозбала Киімі, бойжеткен Киімі, қалыңдық, жас жігіт, келіншек, бәйбіше Киімі, ақсақал Киімдері үлгілерінің әшекейі, тігілуі, сырылып, кестеленуі әртүрлі болып келеді. Жасы ұлғайған адамның Киімі денеге қонымды, кең, мол пішілген, әшекейі, жалтырауығы аз, қарапайым, кең бола түседі. Күйеу киімі – ұзын төбе тымақ, қызыл манат шапан. Сонымен бірге бақсы Киімі, сал-сері Киімінің де өзіндік сәндік ерекшелігі болады. Әркімнің жеке басында іштік, сырттық, сулық, бір киер, сәндік және кейбірінде салтанат, ғұрып Киімі болады. Бір киер Киім деп қымбат маталардан әшекейлеп тігілген, той-думандарға, жиындарға барғанда, жат елге сапарға шыққанда киетін сәнді Киімдерді атаған. Қазақ салтында ер жігіт жекпе-жекке түсерде, соғысқа барарда Киімдердің ең жақсысын, көрнектісін киген (қараңыз [1]). Қазіргі заманғы Киім түрлері күнделікті өмірде, жұмыста, қызметте, қыдыруға, спортпен шұғылданғанда, демалыс орындарында киюге арналады. Сондай-ақ, әскерилердің, өзге де мамандықтардың арнаулы Киімдері, сәндік Киімдер түрлері бар.



Киім адамзат үшін сыртқы ортаның әсерінен қорғаныс пен жылыну құралы ғана емес. Бұл адамның беделінің, қоғамдағы дәрежесінің бірден-бір көрсеткіші. "Адам көркі шүберек" демекші, ортамыз бізді киген киімімізге қарап бағалайды. Жігіттердің шалбарына қарап, мінезін тануға болатыны туралы айтқан едік. Ал жалпы киім өзінің қожайыны жайлы не айта алады?

Тігіншілер мен сәнді дизайнерлер жылдан-жылға мыңдаған киім түрлерін ойлап шығаруда. Соның арқасында әр адамның өз бейнесін өзгертіп, біркелкі болып қалмауына мүмкіндігі бар. Алайда киімнің осындай түрлілігі арасында әр адам өзіне тән стиль таңдайды. Бұл сіздің мінезіңіз бен өміріңіздегі қызуғышылықтарыңызға байланысты болады екен. Сондықтан мына ақпаратты білетін адам қасындағы досының киіміне қарап, бірден оның мінезіне баға бере алады.



Классикалық үлгідегі киімді өзіне сенімді адамдар таңдайды деген пікір қалыптасқан. Бұл рас, алайда классикаға құмар жандар қатарына өз таңдауын жасауға қорқып, классикалық киімді кисем, қателеспеймін-ау дегендер де енеді екен. Бұл екі топты ажырататын айқын белгілер бар. Ол адамның осы киімде өзін-өзі ұстауы. Әсіресе адамның пиджакты қалай киіп жүретіндігіне назар аударыңыз. Өзіне сенімді кісі пиджагын кішкене ұқыпсыз киеді, оны еш уақытта барлық түймелеріне түймелемейді. Ал интровертер керісінше пиджагын соңына дейін түймелеп, қорғаныс ретінде қолданады екен. Дәстүрге сай, тұрақтылықты қолдайтын адамдар екі қатар түймесі бар пиджактарды таңдайды. Ал бірқатар түймесі бар пиджактың иесі жайдары, ашық жүзді кісі болады.



Спорттық үлгідегі киімді тек спортшылар киеді деп кім айтты?
Жоқ, спорттық киімдерді көп нәрсеге көңіл бөле бергісі келмейтіндер де сүйіп киеді екен. Джинсы шалбары, кеды не кроссовкалар, жалпы спорттық киім қазіргі жастардың дертіне айналды. Психологтардың айтуынша бұндай киім үлгілерін ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүретін, қиналғысы келмейтін адамдар таңдайды екен. Басқа жақтан қарағанда, бұндай "жеңіл жол" қазіргі үлкен қалалардағы өмірге сай ыңғайлы әрі жеңіл болады.



Этно үлгісіне сай киінетін адамдар саяхаттауды жақсы көреді екен. Біртүрлі шалбарлар, үнді сариі, қызықты суреттер. Осындай ерекшеліктері бар киімді таңдайтын жандар батыл, ашық, өнерпаз адамдар болады. Олар көпшіліктің арасынан көрініп, көзге түседі. Алайда кейде арманға беріліп, бастаған істерін соңына дейін істемеуі мүмкін.



Қыз ба, жігіт пе? Ауыр әскерлік етіктер, камуфляж түсті киім, жігіттерге сай күңгірт түстер... Осындай киім киген қыздар өзінің табиғи нәзіктігін жоққа шығарғысы келеді. Бұндай қыздар берген уәделеріне берік, сенуге тұрарлық жандар. Өз сезімталдығын "жігітше киімнің" астына тығып, адамдарға жан дүниесін ашпайды.



Қысқа белдемше, ашық кеуде, биік өкше, шілтер не мөлдір киім... Гардеробыңызда осындай бір-екі зат болуы әбден мүмкін. Ал киімінің бәрі тек осындай "ұятты" болса ше? Тым ашық киінетін қыздардың жалғыз мақсаты - жігіттердің көңілін тарту. Ол ортасының әшкерлеуін елемейді, аңсаған мақсатына кез келген жолмен жете алады.

Әрине ылғи бір стильде киінетін адамдар аз. Біз күнделікті киімімізді ауыстыра отырып, өзіміздің сол күнге деген көңіл-күйіміз бен ұстанымызды алмастырып отырамыз. Сондықтан бұл ақпаратты адамның мінезі мен болашағын білемін деп, "бал ашу" мақсатымен емес, оның қысқа мерзімді өмірлік ұстанымдары мен жан сырының бір жағасын көру үшін пайдаланыңыздар.

«Адам көркі – шүберек» деп ата-бабаларымыз киімге аса мән берген. Киім киюде де Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистеріне сүйенуіміз тиіс. Ендеше, ұлттық, діни құндылықтарымызға сай киім қандай болуы керек, қалай киінуіміз қажет?

Ең алдымен Құранда бұйырылғандай, киім әурет жерлерді жауып тұруы тиіс. Содан соң:

- * Қарапайым
- * тым қымбат, бағалы заттармен көмкерілмеуі тиіс
- * жарасымды
- * адамдардың көзіне бірден түспейтіндей (артық жылтырақ, салпыншақсыз)
- * әрдайым таза
 - мейлінше ашық түсті болуы керек.

Сәмурадан (р.а.) жеткен хадисте:

«Алла елшісі (с.ғ.с.): «Ақ түсті киім киіңдер, өйткені ақ түс – таза, қарапайым әрі көрікті келеді», - деп айтты» - делінген (Нәсәи, жәнәйз 38/зинә 97; Хаким, мүстәдрәк 4-2-185).

Сондай-ақ, киімді оң жақтан бастап киюді де ұмытпаңыз.

Сән (франц. Moda, лат. Modus – өлшем, әрекет тәсілі)- киім кию мәдениеті, өмірдің әр түрлі сферасында жеке талғамның уақытша үстемдік етуі. Сән – әлеуметтік, экономикалық құбылыс. Адам қоғамының дамуына, жаңа тарихи қоғамдастықтар пайда болуына байланысты адам киімі де түбірімен өзгеріп отырады. Қазіргі сәнді демократияшыл деуге де болады, себебі қазіргі таңдау идеясы мен еркіндіктің көптігімен, яғни әртүрлі стильдерімен, пішіндерімен, үлгілерімен, көлемдерімен, киім ұзындығымен, алуан түсті гаммалығымен ерекшеленеді. Қазіргі сәнде екі бағыт айрықша көзге түседі: ол – ретроспективалы (өткенге бағытталған) және перспективалы (болашаққа бағытталған).

СЭН



МОДА

- Сән әлемі жаңа пайда болған ұғымдардан емес. Ерте заманнан бері сәнқой арулар сұлу көріну жолында талай құрбандыққа барған. Сән туралы ең қызық деректермен таныс болыңыздар.
- Қосымша кірпіктер алғаш 1916 жылы жасалынды. Д.В. Гриффит есімді продюсер өз фильмінде ойнайтын әртістің көзін үлкейтіп көрсеткісі келген. Олар адамның шашынан жасалынған екен.
- Осыдан 200 жыл бұрын балалар киімі мүлдем болмайтын, яғни балаларға арнайы киім тігілмейтін. Оларға үлкендердің киімдерін кішірейтіп кидіретін.
- Винтажды нәрселерге 1920 жылдан бастап 1960 жылға дейін жасалынған заттар жатады, одан кейінгі нәрселер ретро болып саналады мыс.
- Қазіргі тырнақ бояу дәстүрі 5000 жыл бұрын қытай сәнқой аруларында да болған екен.
- 18-ғасырдың екінші жартысында адамзаттың көбісінде тек екі киім түрі болған екен.
- 1500-жылғы сән қойылымдарында сол кездегі дизайнерлер өз киім үлгілерін көрсету үшін, ойыншық модельдер жасаған екен.
- Б.д.б. 1500 жылдары тақыр басты әйелдер сәнқой болып саналған екен.